

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ЖОҒАРЫ ТӨРЕЛІК СОТЫН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 27 қазан 1993 ж. N 1067. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~P020789

"Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы" Қазақстан Республикасы Заңы мен "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 17 қаңтардағы қаулысын орындау үшін және Жоғарғы төрелік сотының қызметіне қажетті жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі Жоғары төрелік сотының судьяларына санаторийлерге, демалыс үйлеріне, пансионаттарға, пионер лагерьлеріне жолдамалар, мектепке дейін балалар мекемелеріне орындар бөлсін, сондай-ақ оларға медициналық қызмет көрсетуді көздесін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Жоғары төрелік сотының автомобильдеріне шарттық негізде қызмет көрсетіп, оларға техникалық жөндеу жүргізсін.

3. "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Жоғары сотына жиназ, жабдықтар, мұкаммал, кеңсе тауарларын бөлуді қамтамасыз етсін. Үкіметтің шешуін талап ететін мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Жоғары төрелік сотын тікелей шарттар бойынша қажетті телефон, телеграф және телекс байланысымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, "Қазженілжабдықеткізусауда" Республикалық бірлестігі Жоғары төрелік сотының етінімдеріне сәйкес 1993 жылға материалдық-техникалық ресурстар қарастырысын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі

Жоғары төрелік сотының судьялары үшін тұрғын үй құрылышына жыл сайын лимиттер бөлінуін көздесін, ал Алматы қаласының әкімі құрылыш жүргізуді белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

6. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдері Жоғары төрелік сотының судьялары үшін жеке тұрғын үй құрылышын участеклер және бау-бақ участеклерін бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК